

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
08.06.2022 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Е. ҚОШАНОВ жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 08.06.2022 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Е. КОШАНОВ.**

ТӨРАҒА. Келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін өткеру тәртібін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым). Сөз Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі депутат Бижанова Гүлнар Қадіржанқызына беріледі.

БИЖАНОВА Г.Қ. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті әріптестер! Заң жобасының негізгі ережелері бірінші оқылымда егжей-тегжейлі қаралып өткендіктен, Мемлекет басшысының 11 қаңтарда осында Мәжілісте берген нақты тапсырмаларын іске асыру мәселесіне көшуге рұқсат етіңіздер.

Қаңтардағы оқиғалар азаматтардың, оның ішінде қызметкерлердің өзінің және жақын туыстарының құқықтары мен бостандықтарын қорғау басымдығымен құқық қорғау жүйесін реформалау бойынша шаралар қабылдау қажеттілігін көрсетті.

Осыған орай депутаттар құқық қорғау блогымен бірлесіп күштік блок қызметкерлерінің құқықтық қорғалуын, олардың басшыларының жауапкершілік деңгейін, әлеуметтік қамтамасыз етуді күшейту, ынталандыру және олар үшін уәждемені арттыру бойынша бірқатар түзетулер әзірледі.

Бұл түзетулерді шартты түрде үш топқа бөлуге болады.

Бірінші блок – қызметкерлердің құқықтық қорғалуы.

Атап айтқанда, Қылмыстық кодекске енгізілетін түзетулермен билік өкіліне бағынбағаны, оған қатысты күш қолданғаны, төтенше жағдай кезіндегі жаппай тәртіпсіздіктер кезінде және терроризмге қарсы операция жүргізу аймағында қызметкердің өміріне қолсұғушылық үшін жауаптылық күшейтіледі. Жоғарыда аталған жағдайларда қорқыту мен күш қолдану үшін де жауаптылық артады.

Екінші блок – күштік құрылымдардың шешім қабылдаудағы дербестігін күшейту және олардың басшыларының жауапкершілігін арттыру мәселелерін шешеді.

Біз бірқатар заңдарға, атап айтқанда, Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстерге, «Төтенше жағдай туралы», «Әскери жағдай туралы», «Ұлттық ұлан туралы» және басқа да заңдарға өзгерістер енгізуді ұсынамыз.

Жаңа құрамдар үшін қылмыстық жауаптылық енгізіледі. Мысалы, «Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамның немесе құқық қорғау органының немесе арнаулы мемлекеттік органның өзге де басшысының қызмет бойынша әрекетсіздігі». Санкцияның жоғарғы шегі – 7 жылға бас бостандығынан айыру.

Келесі «Құқық қорғау органы немесе арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің қызметтік міндеттерін орындаудан бас тартуы немесе жалтаруы» деп аталады. Санкцияның жоғарғы шегі – 10 жылға бас бостандығынан айыру.

Менің ойымша, бұл мақалалар түсініктеме қажет етпейді. Олардың атынан да белгілі.

Мен 452-1-бапқа тоқталғым келеді. «Бастықтың қызметіндегі әрекетсіздік». Бұл бап бойынша қылмыстық жауаптылық төтенше жағдай кезінде бейбіт халықтың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төнген кезде, ғимараттарды басып алу, мүлікті жою, тонау орын алған кезде, ал жергілікті бастықтар әрекет етпей отырған кезде қарастырылады.

Мұның бәрін біз қаңтар айында байқадық. Қоғамның көңілі толмағаны сол – кейбір жауапты басшылар әрекет етпей отырса, біреуі жасырынып қалды немесе біреуі тіпті қашып кетті. Бұл жауапсыздық және қылмыс, әсіресе лаңкестікке ұласқан жаппай тәртіпсіздіктер кезінде.

Нами также проведена ревизия отраслевых законов.

В январские дни обнаружили нестыковки в ряде законов, вследствие которых не было должной координации действий силовых органов, оперативных штабов, практически отсутствовало единство сил и средств по ликвидации ЧП.

Поэтому в отраслевых законах теперь вводится персональная ответственность руководителей государственных органов по предупреждению и ликвидации чрезвычайных ситуаций социального характера.

В свою очередь, Президент страны наделяется дополнительными полномочиями по обеспечению режимов ЧП и ЧС социального характера.

Теперь, когда вводится чрезвычайное положение, Глава государства по своему усмотрению назначает председателя государственной комиссии по обеспечению такого режима. Им может быть представитель любого госоргана или правоохранительного блока. Аналогично и по коменданту местности.

Разделены понятия «кризисная ситуация» и «кризисная ситуация в социально-экономической сфере», четко разграничены вопросы республиканского и региональных оперативных штабов и госорганов. Решения оперштабов теперь будут обязательными для исполнения всеми гражданами.

При ЧС социального характера средства и линии связи центральных и местных госорганов не будут отключаться. Сюда же отнесены органы внутренних дел, экстренные службы – скорая помощь, спасатели МЧС и пожарники, организации по перевозке боеприпасов и другие. В январе, как вы знаете, с этим были проблемы.

Четко разграничили, когда и при каких обстоятельствах вводится ЧП, а когда – ЧС социального характера. Сейчас в законах этого нет, что в час «икс» создало проблемы. Между тем для каждого случая есть свои особые условия. К примеру, массовые забастовки – это ЧС социального характера, а массовые беспорядки с оружием в руках – это ЧП. И в первом, и во втором случаях есть свои особенности и свой правовой режим.

Сейчас по закону при ЧС социального характера нельзя использовать войска. Теперь на основании Указа Президента по предложению оперативного штаба это станет возможным.

Комендант местности также самостоятельно сможет обращаться к Президенту с просьбой применить Вооруженные Силы в определенных законом случаях. Акимы областей, столицы, города республиканского значения, как руководители оперштаба, также сами могут вводить ЧС социального характера.

Усилены полномочия Службы государственной охраны. Впредь без оглядки на оперштаб, госкомиссию или коменданта служба наделяется правом ведения охранных и оперативных мероприятий, привлекать силы и средства других госорганов.

Также исключается проблема материально-технического обеспечения войск при переброске вне мест постоянной дислокации.

Отдельный раздел посвящается обороту гражданского оружия.

Эти, а также ряд других вопросов, касающихся принципа единого начала и согласованности уполномоченных лиц и органов, морально-психологической и воспитательно-идеологической подготовки состава, упорядочены дополнениями в законопроекте.

Құрметті әріптестер! Біз құқық қорғау органдары қызметкерлерінің өздері үшін мемлекет ынталандырулар мен уәждемелер жасауға міндетті екендігіне терең сенімдіміз.

Қызметкерлер мен олардың отбасыларын әлеуметтік және құқықтық қорғалу жағдайларын қамтамасыз етпей, оларға қойылатын талаптарды арттырудың мағынасы жоқ екенін қайталап айтамыз.

Сондықтан заң жобасының үшінші блогы – ерекше қиын жағдайларда қызметкерлер мен олардың отбасыларын әлеуметтік қамсыздандыру.

Өкінішке орай, ағымдағы кезеңде шығындардың қосымша ауқымды бөлігін қамтамасыз ету мүмкіндігінің болмауына байланысты депутаттардың зейнетақымен қамсыздандыру, қызметкерлерге тұрғын үй төлемдері мәселелеріне қатысты түзетулерінің үлкен блогы осы заң жобасында қолдау таппады. Алайда біз бұл тақырыпты өз жұмысымызда қалдырамыз.

Заң жобасымен келесі мәселелер шешілді. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жалақысын үш жылда бір рет индексстеу туралы біздің бастамамыз қолдау тапты. Мұндай тәжірибе көптеген елдерде бар.

Бюджеттің мүмкіндіктерін ескере отырып, жаңа ереже 2025 жылдан бастап енгізіледі.

Халқымыз «өлі риза болмай, тіріні жарылқай алмаймыз» дейді. Мемлекет қызметін орындау кезінде қаза тапқан қызметкерлердің отбасына ерекше қамқорлық жасауы тиіс. Қантар айының қатал күндерінде нақ солар біздің тәуелсіздігімізді сақтап қалды. Халықтың қауіпсіздігі үшін өз өмірі мен денсаулығын құрбан етуге батылдық пен дайындығын көрсетті.

Еліміз олардың алдында қарыздар деп санаймыз. Бұл туралы Мемлекет басшысы да бірнеше рет атап өткен болатын.

Қызметтерін орындау кезінде қаза тапқан қызметкерлердің отбасы, балалары және жақын туыстары назардан тыс қалмауы тиіс.

Сондықтан барлық күштік құрылымдардың қаза тапқан қызметкерлерінің балалары мен туыстары үшін бірқатар әлеуметтік жеңілдіктер бойынша түзетулер қолдау тапты.

Біріншісі – қызметін орындау кезінде қайтыс болған қызметкердің отбасына ай сайынғы төлемдер қайтыс болған қызметкердің ақшалай қаражаты негізінде төленеді. Мұндай төлемдерді ауыр жарақат алуына байланысты органдарда қызметін жалғастыра алмайтын қызметкерлер де алатын болады.

Бұл өтініштерді ағымдағы жылдың ақпан айында Алматыға сапарымыз кезінде қаңтар айындағы шайқастарда жараланған құқық қорғау органдары қызметкерлері айтты.

Екіншісі – қаза тапқан және мүгедек болған қызметкерлердің балаларына арналған мемлекеттік гранттар. Олар еліміздің кез келген жоғары оқу орнында тегін жоғары білім ала алады.

Үшіншісі – қызметкердің өз міндеттерін орындау және сот төрелігін жүзеге асыру кезінде мүлкіне келтірілген залалды өтеудің қосымша шаралары бойынша түзетулер қолдау тапты.

Бұл адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттің азаматтар алдындағы әлеуметтік жауапкершілігінің бір бөлігі деп ойлаймыз.

Барлық тұрақты комитеттер оң қорытындыларын берді. Заң жобасы бойынша сарапшылардың, құқық қорғау жүйесінің барлық органдары, өзге де мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен жұмыс тобының отыз екі отырысы өткізілді.

Также хочу поблагодарить моих коллег депутатов, членов рабочей группы, представителей правоохранительного блока, Верховного Суда и выразить особую признательность членам Общественно-экспертного совета при Комитете по законодательству и судебно-правовой реформе, профессору Когамову, профессору Борчашвили, начальнику отдела Института парламентаризма Беисову, адвокату Коллегии адвокатов Агабекову,

экспертам-оружейникам, Аппарату Мажилиса Парламента за совместную кропотливую работу над законопроектом.

Баяндалғанның негізінде комитет заң жобасын екінші оқылымда мақұлдауды және оны Сенатқа қарау үшін жіберуді ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Сізге де рақмет, Гүлнар Қадіржанқызы. Үлкен жұмыс атқардыңыз.

Әріптестер, бас комитеттен осы заң жобасын тұтастай мақұлдап, Парламент Сенатының қарауына жіберу туралы ұсыныс түсті. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 100, «жақтағандар» – 100. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 100, «жақтағандар» – 100. Қаулы қабылданды.



Дұрыс!

*Құжаттамалармен қамтамасыз ету бөлімінің сектор меңгерушісі
Маш Н. Шағынтаев*